

**Зейнетақы жүйелерін құрудың
халықаралық тәжірибесі
(қаржылық тұрақтылық және
адекваттылық)**

маусым 2024 жыл

(DB), PAYG белгіленген төлемдермен үлестіруші зейнетақы жүйелері

Таратушы зейнетақы жүйелері қаржылық тұрақсыз және субсидиялардың өсуін талап етеді (мемлекеттік бюджеттен қорландыру)!



Ресей Федерациясы – міндетті зейнетақы және әлеуметтік сақтандыру жүйесі

Жарнаның ағымдағы мөлшерлемесі - 21,84%

Сақтандыру төлемдерін қамтамасыз етуге қажетті экономикалық негізделген мөлшерлемелер:



Бюджеттен трансфертсіз

↑ 32%



40% ТАК деңгейінде

↑ 41%



Зейнеткердің 2,5-3 күнкөріс деңгейі мөлшерінде Сақтандыру зейнетақысының орташа мөлшері

↑ 47%



Германия – міндетті зейнетақы сақтандыру жүйесі

Соңғы 40 жыл ішінде төлем шығындары таза зейнетақы жарналарымен жабылмайды және федералды бюджеттен дотациялардың ұлғаюымен өтеледі.

Соңғы 20 жыл ішінде жалпыға бірдей зейнетақымен сақтандыру шығындарындағы федералды субсидиялардың үлесі шамамен 23% деңгейінде тұрақты болып қалды

- ❖ 2022 жылы мемлекет міндетті зейнетақымен сақтандыруға 87 млрд еуро салық ақшасын аударды
- ❖ Міндетті зейнетақымен сақтандыру жүйесіне ағымдағы жарна мөлшерлемесі – 18,6%

Жоспарланған өзгерістер



Generationenkapital

Мемлекеттік зейнетақылардың төлемін қамтамасыз ету үшін активтері инвестицияланатын көпмиллиардтық егеменді қор құру

- ✓ Егеменді қордың капиталы 200 миллиард еуроға жетеді деп күтілуде
- ✓ Егеменді қордың активтері әлемдік қаржы нарықтарына инвестицияланатын болады және келесі онжылдықтың ортасынан бастап мемлекеттік зейнетақыларды қаржыландыруды қолдайды
- ✓ Егеменді қорды федералды бюджеттен қарыздар есебінен қаржыландыру және капиталды қалыптастыру үшін мемлекет қаражатын беру, оны инвестициялаудан түскен кірістер болашақта жүйені тұрақтандыруға ықпал етеді;




Оңтүстік Корея – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі

Кореяның ұлттық зейнетақы қоры – әлемдегі үлкендігі жағынан үшінші зейнетақы қоры.

Жалпы сақтандыру жарнасынан 9% мөлшерде зейнетақыны сақтандыруды қаржыландыру.

Демографиялық өзгерістер

- Мемлекеттік зейнетақы қорының қаржылық тұрақтылығына қауіп және болашақ ұрпаққа жүктеменің артуы
- 30 жыл ішінде мемлекеттік зейнетақы алушылар саны шамамен 8 есе өсті
- Зейнетақы қорының қорлары 2041 жылға дейін 1,8 трлн вонға (1,354 млрд АҚШ долл.) дейін өсетін болады
- 2057 жылға зейнетақы қорының қорлары тапшылыққа ұшырайды



Анықтамалық: бюджеттік шығыстарды қысқарту мақсатында 28 жыл ішінде (1995 - 2023):

83 ел PAYGO бағдарламасында жарналардың мөлшерлемесін арттырды (соңғы мысалдар: БАӘ, Испания).

67 ел зейнетақы жасын көтерді (соңғы мысалдар: Франция, Румыния, БАӘ).

69 ел төлемдерді есептеу формуласын түзетті немесе төлем көлемін қысқартты (соңғы мысалдар: Куба, Румыния, БАӘ).

Шартты-жинақтаушы жүйелер (NDC)


FIAP: «NDC жүйелерді серпінді тәжірибе ретінде қарастыруға болады, бірақ дәстүрлі таратушы DB зейнетақы жүйесі жұмыс істейтін елдерде және үкімет толық жинақтаушы DC жүйесіне көшуді қаржыландыра алмайтын елдерде ғана қарастыруға болады (ортақ жүйеде бұрын жинақталған құқықтар бойынша зейнетақы төлемдерін қамтамасыз ету).

NDC жүйе ұжымдық схема арқылы қаржыландырылатындықтан, ол жинақтаушы жүйелерден айтарлықтай төмен».

Дереккөз: PENSION NOTES, No. 52 - March 2021 - The Notional Defined Contributions System: Analysis and International Experience, FIAP

NDC жүйесі бар елдерде: Егер міндеттемелер активтерден асып кеткен жағдайда, тапшылықты жабу үшін резервтік жүйеден (мысалы, бюджеттен) "буферлік қаражатты" алдын ала қалыптастыру, не ағымдағы зейнетақы төлемдерінің мөлшерін азайту арқылы активтерге қарсы міндеттемелерді "автотендістіру" тетігін пайдалану қажет.

Мысал: Швецияда автотендістіру тетігі 2009 жылы қосылды және 2018 жылға дейін жалғасты:



Дереккөз: Orange Report, Swedish Pension Agency

Дүниежүзілік банк: «Зейнетақының жалпы деңгейінің біржақты жеткіліксіздігі және қайта бөлу процестерінің ықтимал теріс әсерлері жүйенің әлеуметтік тұрақсыздық қаупінің жоғарылауына әкелуі мүмкін, ... ұзақ мерзімді перспективада NDC іс жүзінде теңестіруге дейін төмендеуі мүмкін».


Нәтиже: жарналарды төлеуге мүдденің төмендеуі және жоғары және орташа табысы бар жұмысшылар үшін тартымсыздық.

Дереккөз: «ҚР зейнетақы жүйесін жетілдіру нұсқаларын әзірлеу», WB 2015

NDC моделін толыққанды іске асыру үшін зейнетақы жарналарының жоғары мөлшерлемелері қажет: 14%-дан 33%-ға дейін (Латвияда – 14%, Швецияда – 16%, Бразилияда – 31%, Италияда – 33%). Тек осындай мөлшерлемеде ғана NDC жүйелерінің тарату тетігінің тиімділігі мен салыстырмалы қаржылық тұрақтылығы сақталады.

ЭЫДҰ актуарлық есептеулері / Жарна мөлшерлемесі мен ТАК бойынша БЖЗҚ статистикасы

Жарналардың мөлшерлемесі мен жүйелілігіне байланысты табысты алмастыру коэффициентін (ТАК) стохастикалық модельдеу (95% ықтималдықпен)



Белгіленген ықтималдық дәрежесі бар нысаналы ТАК-қа қол жеткізу үшін зейнетақы жарналарының мөлшерлемелері, %-бен

		Табысты алмастыру коэффициентінің (ТАК) нысаналы деңгейі							
		30	40	50	60	70	80	90	100
Нысаналы ТАК жету ықтималдықтары	50	5,3	7,0	8,8	10,3	12,0	14,0	15,5	17,3
	75	7,8	10,5	13,0	15,5	18,0	20,8	23,5	26,0
	90	11,0	14,5	18,0	21,8	25,3	28,8	32,3	36,3
	95	12,8	17,3	21,8	25,8	30,5	35,0	39,0	43,3
	99	17,3	23,3	28,5	34,5	39,3	45,8	51,5	57,0

95% ықтималдықпен 30%-бен ТАК үшін зейнетақы жарналарын:

- 40 жылдық еңбек кезеңінде 13% мөлшерде төлеу
- 30 жылдық еңбек кезеңінде 18% мөлшерде төлеу

Нәтижелердің ықтималдылығы мүмкін ауытқушылықтармен байланысты:

- Инвестициялық кірістілік
- инфляция
- Дисконттау мөлшерлемелері
- Өмір жалғастығы
- Еңбек нарығының жағдайы

ЭЫДҰ есептеулеріне сәйкес:

- Активтердің 40%-ы акцияларға инвестицияланады
- Активтердің 60%-ы облигацияларға инвестицияланады
- 65 жасқа қарай жинақтар өмір бойғы зейнетақы аннуитетіне конвертацияланады


2024 жылы зейнетке шығатын және ЖЗЖ-да 20 жалдық өтілі бар БЖЗҚ салымшыларының:

- соңғы 5 жылда кірістен орташа 13% ТАК қамтамасыз ететін жинақтары бар
- соңғы 5 жылда кірістен медиан бойынша 11% ТАК қамтамасыз ететін жинақтары бар

Нақты деректер ЭЫДҰ актуарлық есептеулерімен келісіледі

Жинақтаушы зейнетақы жүйелері (DC)

Жинақтаушы жүйені ендірудің ел үшін макроэкономикалық әсері



Қаржы жүйесіне бағытталған және инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтетін зейнетақы жинақтары экономикалық құбылмалылықты төмендетуге және **ықтимал жоғары кірістілікпен ұзақ мерзімді инвестицияларды** қолдауға ықпал етеді

Жеке жинақтаушы зейнетақы жүйелері құрылымды жақсартады және **жұмыспен қамтуды ресімдеуді** арттырады, өйткені салымшының болашақ зейнетақы төлемдері оның жарналарына (табыстан аударымдар) тікелей байланысты

Дағдарыс кезеңінде зейнетақы жинақтары инвестициялардың ішкі көзі бола отырып, **сыртқы қарыз алу көлемін азайтуға мүмкіндік береді**

Жинақтаушы зейнетақы қорлары қаржы және капитал нарықтарындағы **заңнамалық және институционалдық** базаны жақсартуда, **корпоративтік басқаруды жақсартуда, миноритарлық акционерлердің құқықтарын қорғауда** және халықаралық нарықтардағы тығыз қаржылық интеграцияда маңызды рөл атқарады

Жинақтаушы зейнетақы жүйелері (ДС)

Жинақтаушы жүйеге өтудің ел үшін макроэкономикалық әсері (елдердің мысалдары)


Көрсеткіштер	Чили	Колумбия	Мексика*	Перу
Жүйені ендіру жылы	1981	1994	1997	1993
Бағалау кезеңі	1981-2011	2006-2010	1998-2012	1993-2011
ЖІӨ жылдық өсімі (кезеңмен)	4.58%	4.55%	2.40%	5.3541%
Реформаның ЖІӨ-ге ықпалы, орташа сценарий	0.37%	0.58%	0.31%	0.3331%
– жинақтар – инвестициялар	0.09%	0.22%	0.16%	0.0167%
– еңбек нарығы	0.08%	0.00%	0.02%	0.0129%
– қаржылық дамыту және жалпы факторлық өнімділікті дамыту	0.20%	0.36	0.13	0.3037
Реформамен түсіндірілген ЖІӨ % өсімі	8.08%	12.75%	12.92%	6.22%
Реформаның ЖІӨ-ге ықпал ету диапазоны	0.27% – 0.45%	0.37% – 0.80%	0.18% – 0.52%	0.1501%–0.5161%
– жинақтар – инвестициялар	0.09%	0.13-0.30	0.05% – 0.27%	0.0096% – 0.0237%
– еңбек нарығы	0.04% – 0.12%	0.00%	0.00% – 0.10%	0.0094% – 0.0163%
– қаржылық дамыту және жалпы факторлық өнімділікті дамыту	0.14% – 0.25%	0.24% – 0.50%	0.12% – 0.15%	0.1311% – 0.4762%
Реформамен түсіндірілген ЖІӨ % өсімі	5.90% – 9.83%	8.13% – 17.58%	7.50% – 21.67%	2.80% – 9.64%

Мексикада жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізбеген жағдайда:

- ескі зейнетақы (ортақ) жүйесіне арналған фискалдық шығындар 2047 жылға қарай ЖІӨ-нің 14,0%-на дейін өсуі мүмкін еді (2019 жылы мем.зейнетақыға шығыстар – **ЖІӨ 3,1%**)
- ортақ зейнетақы жүйесін қаржыландырудың тапшылығын болдырмау үшін жарналардың қажетті мөлшерлемелері 23,3%-ға дейін өсуі мүмкін еді

Таратушы және жинақтаушы жүйелер (әлемдік трендтер)


Мемлекеттік зейнетақыға шығыстар ЖІӨ-ден %-бен (2019 жылы ЭЫДҰ елдері бойынша*):



НИДЕРЛАНДЫ
 (Рейтинг: MCGPI 2023 рейтингінде №1) – 2028 жылы барлық зейнетақы жоспарларының DB-дан DC жүйеге толық өтуі


DB (Defined Benefit) – белгіленген төлемдері бар зейнетақы жүйесі (ортақ жүйелерін қамтиды)
 DC (Defined Contribution) – белгіленген жарналары бар жүйе (жинақтаушы типті зейнетақы жүйелері)
 NDC (Notional Defined Contribution) – белгіленген жарналары бар шартты жинақтаушы жүйе (негізінде ортақ жүйелеріне жатады)

DB және DC жүйелерінде активтердің өсу динамикасы (2002-2022 жылдар)



Дереккөз: Global Pension Assets Study 2023, Willis Towers Watson

DC жүйеге толық не ішінара өткен елдердің саны (1999-2022 жылдар)



Дереккөз: FIAP, PENSION NOTES, No. 73 – тамыз 2023